



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

25.11.2022 м. № 693

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын есептеудің кейбір мәселелері  
туралы

«Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару және қосылған құн салығының асып кеткен сомасының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын, сондай-ақ тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 391 бұйрығымен бекітілген Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару және қосылған құн салығының асып кеткен сомасының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларының 40-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын есептеу тәртібі бекітілсін.
2. Тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын пайдалана отырып, бағалау нәтижелері бойынша жалпы жиынтық қорытынды 350 (үш жүз елу) балл болып белгіленсін.
3. Комитеттің Әкімшілендіру департаментінің Қосылған құн салығын әкімшілендіру басқармасы (І. Б. Елубай) осы бұйрықты қол қойылған күнінен бастап бір күн ішінде Комитеттің ресми сайтында орналастырсын.
4. Комитеттің Кадр және ішкі әкімшілендіру департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасы (М.С. Қыстаубаева) осы бұйрықты Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитеттің Әкімшілендіру департаментінің директоры Қ. Р. Исмағұловқа жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Д. Жанәлінов